МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы




# Тақырыбы:«1-қыркүйек – білім күні».

(тақырыптық сағат)

«Жұлдыз» мектепалды кезік тобы.

Тәрбиешілер: Айткалиева С.М
Қожакова А.Ж

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:
Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.
Көрнекі құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.
Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.
Барысы: I. Кіріспе бөлім
Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрыңдар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шырқыта,
Шырқытшы, Әнұраным, шырқыта! Мемлекеттік гимн орындау.
Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:
Жаңа қадам жасадым,
Қош болып тұр, бесігім.
Мен қуанып ашамын,
Балабақша есігін,
Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!
Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, жаңа оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).
Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.
Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.
(балалардың жауабын тыңдау)
Тәрбиеші: Дұрыс. Гимн, Елтаңба, Ту.
Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?
Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?
Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы
Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?
Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?
Балалар: Біз Атырау қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.
Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?
Балалар: «Әлия» бөбекжай-бақшасы.
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріңнің Республикаларың, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!
II. Негізгі бөлім.
Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.
Шаттық шеңбері:
Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз.
Көбелектей қонамыз.
Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырар үнімдыны,
Білім — ғылым бастауы, мерекең!
Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Кәусар: Жымыңдап күз келді,
Күлімдеп сіз де енді.
Бірінші қыркүйек
Қарсы алады біздерді!
Әмір: Өсті міне бойымыз,
Өсті міне ойымыз.
Қуанышқа ортақпыз,
Құтты болсын мерекеміз.
Әмір: Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Терендегі білімнің
Керек екен бәріне!
Қасиет: Білім — менің ертеңім
Өсу үшін өрлеуім
Жүзем оқу — айдында
Жайып білім желкенін
Бейбарыс: Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Елге қызмет етуге!
Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,
Кеудем толы дірілге,
Құлақ түйем елеңдеп,
«Бақша» деген бір үнге.
Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық.
Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
Кітап- білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.
Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
Оқы да біл,
Ойна да күл.
Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!
Ойын:Ғажайып қоржын
Мақсаты:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды)
III. Қорытынды бөлім.
Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!
Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап біздің күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!
Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

# Тақырыбы:Ұлттық ойын-ұлт қазынасы

2024-2025 оқу жылы

Білім беру саласы: Денсаулық
Ұйымдастырылған іс – әрекет: Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»
Сабақтың мақсаты:
1. Білімділік: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.
2. Дамытушылық: Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
3. Тәрбиелік: Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін – өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.
Қажетті құралдар: Арқан, Жылқы, Теңге, Қамшы.
Құрметті ұстаздар мен тәрбиешілер! Бүгінгі «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! Топ арасындағы жарысқа топтарды ортаға шақырайық.
Қаражорға әуенімен балалар ортаға шығады.

Тәрбиешілер: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» - атты жарысымызды бастаймыз.
Бүгінгі жарысқа қатысуға екі топ келіп тұр. Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін сіздерсіздер.

Ал, құрметті халайық
Жарысты енді көріңіз
Әділ қазы алқасы
Әділбаға беріңдер
- дей отырып топ капитандарына сөз берейік.

Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.
Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

Сайыс шарттары:
1. Бәйге
2. Арқан тартыс

3. Теңге алу
4. Қол күрес
5 Ақсерек - көксерек

Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»
Ойын шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары ( арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

Ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»
Ойын шарты. Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.
Ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»
Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қояды. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

Ойын: Ұлттық ойын « Қол күрес»
Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

Ойын: Ұлттық ойын: «Ақсерек - көксерек»
Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20 - 30 қадам.
1 - топ. Ойынды бастайды:
Ақсерек - ау, ақ серек
Бізден сізге кім керек.
2 - топ Ойынды жалғастырады
Ақсерек – ау, ақ серек
Жаман – жаман бала аты (бала аты) керек.
Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан

«Тілім менің тірегім»

**«Балдаурен» мектепалды тобы**

**Тәрбиешілері:Нұрқасымова С.Х**

**Аманғалиева Ә.Д**

**Ақтөбе,2024 жыл**

Тақырыбы: тілім менің тірегім
Мақсаты :
Білімділік:тілдер мерекесі туралы түсінік беру
Дамытушылық :мерекелік көңіл күй арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту
Тәрбиелік: туған еліне ұлттарға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу





**Тақырыбы:**

# «Біз балабақшаға келеміз»

**«Бөбек» ортаңғы қазақ тобы**

Тәрбиеші:Оразалина А.А.

2024- 2025жыл

**Тақырыбы:** «Біз балабақшаға келеміз»

**Мақсаты:** Балалардың жол ережелерін сақтау туралы білімдерін бекіту. Жол ережесін бұзу неге әкелетінін және жүргіншілер жолының ережесін нақтылаап айту.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Көңіл күйлерің жақсы ма?

Балалар бүгін ерекше күн. Біздің сабағымызға көптеген қонақтар келіп отыр, олай болса қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Балалар: Сәлем беріп сіздерге,

Бас иеді ұл мен қыз.

Болашағы Отанның,

Азаматы біздерміз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Балалар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Менің балабақшам» деп аталады. Балабақша — бұл біздің екінші үйіміз. Біз таңертең балабақшаға келіп күні бойы осы жерден тәлім-тәрбие аламыз, ойыншықтар ойнаймыз, тамақтанамыз, сондықтан да балабақшаны екінші үйіміз деп айта аламыз. Ендеше балалар барлығымыз бір-бірімізге, қонақтарға жақсы көңіл — күй сыйлайықшы.

Балалар: Еліміз тыныш болсын,

Отбасымыз аман болсын,

Дастарханнан дәм кетпесін,

Көңілімізден мән кетпесін.

Тәрбиеші: Рахмет, жарайсыңдар Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?

Балалар: Біз балабақшаға келеміз.

Тәрбиеші: Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз?

Балалар: Қайырлы таң!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар,балалар. Балабақшада сендер не істейсіңдер?

Балалар: Балабақшада біз білім аламыз,тәтті тағамдар жейміз, ойыншықтар ойнаймыз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар,балалар. Ендеше келген қонақтарға тақпақ айтып берейік.

**Алихан:** Әдемі балабақшам бар,

Деп мақтанам бәріне.

Меңгерушісі балабақшамның

Көрікті де сәнді де.

Шаршамаңыз Шолпан Тургаевна,

Бізге тәлім беруде!

**Ақсұлу:** Әдіскері бақшамның,

Жайдары жүз, ай қабақ.

Ақтолқын Серікқалиевна ханымымыз,

Жүреді бізді аймалап.

**Алдияр:** Балабақша есігін,

Сәби болып ашқанбыз.

Балапандай өсірген,

Тәрбиешіме мың алғыс.

**Кызайым:** Тыңдаушы мойнында,

Өлшеуіші қолында.

Ақ халатты дәрігер,

Әрқашан өз орнында.

**Селім:** Аспазшымыз ақ жүзді,

Келбетті де, мейірімді.

Бізге тамақ әзірлер,

Тамақтары тәп-тәтті.

**Айлин:** Еденді кім жуатын,

Жолатпай шаңды қуатын.

Тазалықшыға мың алғыс,

Көрінбей жүріп тұратын.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар Балабақша туралы әдемі тақпақтарыңды оқыдыңдар. Ал енді, Орнымыздан тұрайық.

Оңға, солға қарайық.

Тақпақ айтып шаршадық.

Біраз сергіп алайық.

Сергіту сәті: Бір топта біз нешеуміз?

Ғажайып сәт: Есік қағылып,топқа Қызыл телпек кіреді.

Сәлеметсіңдер ме, балалар?(үш тілде). Мен сендерге қонаққа келдім. Балабақшаларың қандай әдемі! Балабақша туралы айтып беріңдерші.

Бала: Біздің балабақша үлкен.Біз білім аламыз.Ойыншықтармен ойнаймыз.Тамақ ішеміз. Балабақша бізге өте ұнайды. /Ай лайм киндерланд./

Тәрбиеші: Сендерді кім тәрбиелейді?

Балалар: Тәрбиешілер.

Қызыл телпек: Рахмет,балалар.Сендер балабақшаларың туралы көп біледі екенсіңдер.Ал, мен сендерге ғажайып жапырақтарды тере келдім. Бұл жапырақтарды сендерге сыйға тартамын,бірақ менің бір шартым бар. Кімде – кім тапсырмаларды орындай алса, сол балаға жапырақтарды тарту етемін.Мен тапсырмаларды беремін, ал сендер тәрбиешілерімен орындайсыңдар.

1-тапсырма: Жыл мезгілдерді ата.

Балалар: Жаз мезгілі.Күз мезгілі.Қыс мезгілі. Көктем мезгілі.

2-тапсырма: Күз мезгілі туралы әңгімеле.

Балалар:Күз мезгілі.Күзде ауа-райы салқын болады. Жапырақтар сарғайып жерге түседі.Күзде жемістер мен көкөністер піседі.

3-тапсырма:Жемістерді ата.

Балалар: Қызыл алма.Сары алмұрт.Қызыл шабдалы.Дәмді жүзім.

4-тапсырма:Көкөністерді ата

Балалар:Үлкен орамжапырақ.Кішкентай сәбіз. Қызыл бұрыш.Орташа картоп. Кішкентай пияз.

Тәрбиеші:Жемістер мен көкөністердің ерекшеліктерін атаңдаршы?

Балалар: Жемістер талда, ал көкөністер жерде өседі.

5-тапсырма. Отбасы туралы айтып бер.

Балалар:Бұл –отбасы.Отбасымда алты адам бар.Олар: әкем, шешем, атам, әжем, әпкем, ағам. Біздің отбасымыз тату.

-Олар не істейді?

Дидактикалық ойын: Артығын тап.

Қызыл телпек: Жарайсыңдар, балалар!Өте ақылды екенсіңдер.Балабақшаларың да маған өте ұнады, әдемі таза. Ал мен енді үйіме қайтайын. Достарыма сендердің балабақшаларың туралы әңгімелейтін боламын. Мына тәттілерді әжем сендерге беріп жіберді.Сау болыңдар!

Балалар: Сау болыңыз!

Тәрбиеші: Ал енді балалар бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.Сабақтың соңында балабақшаға деген жақсы тілектерімізді айтайық.

Балалар: Балабақшамыз гүлдене берсін,

Аман болайық,

Достарымыз көп болсын!

Тәрбиеші: Бүгінгі сабағымызды бағалайық.(көңілді, көңілсіз смайликтер).

Келгендеріңізге рахмет! Сау болыңыздар!

***МКҚК№45 «Алтын бала»бөбекжай-балабақшасы***

# *«Кітаппен жарқын әлемге»*

(«Күншуақ» мектепалды тобы)

***Тәрбиешілер:***

***Ермағамбетова.Ш.Ж***

***Шуюншалиева.Н.А***

***Ақтөбе-2024ж***





**№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы**

**«Жұлдыз» мектепалды тобы**

**«SMART BALA» жобасы аясында**

**«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»**

**Тәрбиешілер:** ***Кожакова А.Ж***

***Айтқалиева С.М***

***Ақтөбе,2024ж***

«SMART BALA» жобасы аясында

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»

**Тақырыбы:** "Өнертапқыштыққа алғашқы қадам"

**Мақсаты:**

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Қарапайым өнертапқыштық ойларды қалыптастыру және жаңа шешімдерді ойлап табуға ынталандыру.
- Балаларды ұжымда жұмыс істеуге, өз идеяларын еркін айтуға үйрету.

**Міндеттері:**

- Балаларды күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге қызықтыру.
- Жаңа идеялар ойлап табуда қиял мен логиканы дамыту.
- Қолдан жасалған заттарға шығармашылық көзқарас қалыптастыру.

**Қажетті материалдар:**

- Конструктор жиынтықтары (LEGO немесе басқа).
- Фломастерлер, қарындаштар, бояулар.

**Сабақ барысы:**

- Балалар шеңбер жасап, шаттық шеңберіне жиналады.

**Шаттық шеңбері:**

- "Мен өнертапқыш боламын,

Барлық қызықты табамын.
Бәрін жасап, құрастырып,
Дүниеге жаңалық қосамын!"

**Тәрбиеші:**

- "Бүгін біз өнертапқыш болып, әртүрлі қызықты заттар жасаймыз. Алдымен, өнертапқыш кім және ол не істейді, соны білейік."

**Сұрақ-жауап:**

- "Өнертапқыш деген кім?"
- "Қандай пайдалы заттар біздің өнертапқыштардың арқасында пайда болды?"

(Мысалы: жарық шамы, ұшақ, көлік, компьютер).

**Көрнекілік:**

- Тәрбиеші балаларға танымал өнертабыстардың суреттерін көрсетеді (мысалы, велосипед, телефон, сағат) және олардың пайдасы туралы әңгімелейді.
- "Біз де кішкентай өнертапқыш бола аламыз! Қарапайым заттардан жаңа нәрсе ойлап табайық."

**1. Тапсырма:** "Қиялыңды іске қоса біл!"

- Балалардан күнделікті өмірде кездесетін қиындықтарды сұрау (мысалы, ойыншықтарды сақтау, суды төкпей құю).
- Осы мәселелерді шешу үшін балаларға идеяларын айту ұсынылады.

**2. Шығармашылық жұмыс:**

- Балалар топқа бөлініп, берілген материалдардан жаңа бір затты құрастырады (мысалы: ойыншық контейнері, құс үйшігі, ерекше көлік).
- Әр топ өз өнертабысын жасап, түсіндіреді:

"Бұл зат не үшін қажет? Ол қалай жұмыс істейді?"

**3. Қимыл-қозғалыс ойыны:** "Өнертапқыш боламын!"

- Балаларға әртүрлі рөлдер беріледі (механик, дизайнер, құрастырушы), және олар өз рөлдерін ойнайды.

**4. Қорытынды:**

- Балалар өз өнертабыстарын таныстырады.
- Тәрбиеші олардың жұмыстарына баға береді:

"Сендер бүгін керемет өнертапқыш болдыңдар! Көптеген қызықты және пайдалы идеялар ойлап таптыңдар."

- Балаларға алғыс хаттар немесе "Кішкентай өнертапқыш" медальдарын тарату.

**Үй тапсырмасы:**

- Ата-аналарымен бірге өздерінің өнертабыстарын ойлап тауып, балабақшаға алып келу.

**Ескерту:** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды қарапайым әрі қызықты етіп ұйымдастыру қажет. Қиялы шектеусіз, еркін жұмыс жасауға мүмкіндік берген дұрыс.











№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы

# Сюжеттік-рольдік ойын «Дүкенші»



«Балақай» мектепалды тобы

**Тәрбиешілері:** Қойшина А.Қ

Ильясова М.У

**Ақтөбе 2024жыл**

Мазмұнды сюжеттік ойын

**Тақырыбы:** «Дүкенші»

**Білімділік мақсаты:** Балаларға дүкен, дүкенші (тұтынушы туралы түсінік беру) Дүкен адамдарға өте қажет екенін, дүкеннен азық - түлік, ойыншық, аяқ киімдер, ыдыстар т. б. ақшаға алатыны туралы түсінік түсіндіру.

**Дамытушылығы мақсаты:** Сұрақ - жауап арқылы балалардың тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту., балалардың қызығушылығын кеңейту.

**Тәрбиелік мақсаты:** Балаларды адамгершілікке инабаттылыққа баулу және достасып, бірігіп тату ойнауға тәрбиелеу.

**Керекті құралдар.** Өлшеуіш, касса, тағам түрлері ыдыстар ақша т. б. дүкенге байланысты заттар.





МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: **Ұлттық ойын «Бестемше» арқылы мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыту**

2024-2025 оқу жылы

# Ұлттық ойын «Бестемше» арқылы мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыту

Бестемше ойыны — әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл ойынның басты қасиеті — жаңа туғанның сана-сезімін жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын халқымыз, жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген.



Қазіргі кезде бестемше ойынының елімізде және шет елдерде кеңінен таралып, балабақша және мектеп бағдарламаларына енуі — ұлттық ойынның бала тәрбиесінде алатын маңызына байланысты болып отыр. Осыған байланысты, осы ой өнерінің жасөспірім тәрбиесіне беретін қандай маңызды ерекшеліктері бар, соған тоқталайық.

## Бестемше ойынының маңызы

— Ойлау жүйесін дамыту;
— Дербестікке үйрету;
— Назарды шоғырландыру;
— Уақытты тиімді пайдалану;
— Жоспарлау және бас тартуды үйрету;
— Жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту;
— Қол моторикасының дамуы;
— Жан-жақты қалыптасу.

## Бестемшенің басты маңызы — ойлау жүйесін дамытады

Бестемше ойыны — математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қимылдау — оның негізгі өзегі. Сондықтан оқушы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істеріңді алдын-ала ойлау — негізгі мәнге ие.

## Дербестікке үйрету

Бестемше жасөспірімнің тек өз ақыл-ой күшіне ғана сене алатынын тәжірибе жүзінде көрсетеді. Сондай-ақ, ойнаша кезде Бала ойын барысында тек өзі ғана ойланады, өзі ғана шешім қабылдайды. Бала ойын барысында таңдау жасаса да, жарысқа қатысса да тек өзінің сана-сезімімен есеп шығарса да, ойын барысына тек өзіне ғана сенуіне үйретеді. Яғни ойын тұжырымдамасы тек өзіне ғана сенуіне үйретеді ғана жүзеге асырады.

## Назарды шоғырландыру

Бестемше ойнаған балалар алғашқы кезде бір орында отыра алмай, жаңіштік мінездер көрсетеді. Олардың назары біресе ойында, біресе телефонда немесе басқа жақта болады. Уақыт өте келе ойынның құндылықтары оны шыдамды, тиімді етіп тәрбиелейді. Баланың назары тек тақтаға ғана ауып, ойынға қызығушылығы артады. Ойыннан қуаныш алып, жаман мінездерден арылады.

## Уақытты тиімді пайдалану және жылдам шешім қабылдау

Бүлдіршін назарын ойынға аударған соң, ол бос уақыттарында бестемше ойнап уақытын да тиімді пайдаланады. Жарысқа қатысқан кезде, бестемше ойыны барысында тақтадағы жағдайға байланысты тез және тапқыр шешім қабылдау керек. Өйткені сіз ұзақ ойлансаңыз уақыттан жеңілуіңіз мүмкін. Сондықтан әрбір минутты және секундты қадірлейсіз.

## Жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту

Бала ойынға берілген сайын ойынды қалай бастау керек, қалай аяқтау керек, бәрін есінде сақтайды. Бір құмалақтың жүріс жасаған сәтіндегі орны мен оның барған жеріне дейінгі аралықта отаулардағы құмалақ санын үнемі есептеп, жаңылыспау керек. Мұның барлығы баланың есте сақтау қабілетінің дамуына көмектеседі. Әрбір жақсы жүріс әдетке айналып, ол есінде қалады.

## Қол моторикасының дамуы

Бестемше ойынында ұсақ шарларды ұстау кезінде қолқимылысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етеді. Сонымен қатар, ойын барысында қол қимылысының жылдамдығы сағатты басу кезінде ойын тағдырына да әсер етеді. Қол моторикасын дамыту — өз саулығыңызды үнемі зииткер ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

## Жан-жақты қалыптасу

Осы жоғарыдағы қабілеттердің дамуының арқасында болашақта бала жан-жақты жетілген тұлға боп қалыптасады. Оқу үлгерімінің артуы, ақыл-ой белсенділігінің дамуы, бәсекеге қабілеттілікке бейімделуі, имиджі қалыптасуы барлығы ұлттық ойынның беретін маңызы болып табылады.

Бестемше ойыны жасөспірімдердің мінез-құлқын, сана-сезімін әлеуметтік жағынан тәрбиелеп, тәртіпті тиянақтауға, ойлау жүйесін шыңдауға көмектеседі.

## Қорытынды

Бұл ойын ойнаушы таңдамайды: бала да, жас та, кәрі де, ойнай береді. Бестемше ойындарын 5 жастағы баладан бастап егде жастағы адамдар арасында ой спортының дағдысын қалыптастыруға болады. Балған ойыншыларға ұлттық зияткерлік ойынның тарихы бойынша түзілген ақпараттарды таныстыру оларды ойынға қызықтыра және мүдделі ете түседі.



Тақырыбы:

# «Көше және біз»

**«Бөбек» ортаңғы қазақ тобы**

Тәрбиеші:Оразалина А.А.

2024- 2025жыл

**Мақсаты:** Көше қозғалыстары туралы айту,бағдаршаммен, жүргіншілер және көлік жолдарымен таныстыру.

Үлкендердің еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Жолда жүру тәртібін білу.

Бақылау барысы:

Балаларды көліктермен таныстыру.

Сұрақтар:

Көліктердің қандай түрін білесіңдер?

Көліктерді қандай топқа бөлуге болады?(жеңіл,жүк,қоғамдық,арнайы көліктер)

Көліктердің қандай пайдасы бар?(адамдар жүктерді қажет жеріне тез апарады)

Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру, қар жинайтын, су себетін,милиция машиналары.)

Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)

Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады?(зардап шеккендерге көмектесу үшін.)

Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруі тиіс пе?(иә)

Көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?

Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады?

Аялдамаға автобустан басқа қандай көліктер тоқтайды?(Маршруттар,таксилер)

Автобусқа қай есіктен міну керек?(алдыңғы)

Қай есіктен шығу керек?(артқы)

Бағдаршамның қай түсінде өту керек?(жасыл)

Көркем сөз:

Үлкен болдым десем де,

Ешкім маған сенбейді.

«Жалғыз жүрме көшеде,

Кікентайсың сен»-дейді.

Бұзба көше тәртібін,

Ұрыссын аптқа.

Қызықты өтсін әр күнің,

Жақын болма шатаққа.

Көшеден өтер кезінде,

Абайлап қара жан жаққа,

Келе жатқан көлікке,

Жол бер өтсін асықпа!

Зерттеу жұмысы:

Қар тазалайтын көлігі мен «Жедел жәрдем» арнаулы көлігін салыстыру.

Мақал:

«Сақтықта қорлық жоқ». Әрқашанда сақтанып жүрсең, қиындыққа тап болмайсың.

Қимылды ойын: «Бағдаршам»

Мақсаты: Белгі бойынша әрекет етуге, қимыл –қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.

Еңбек:Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау.

Мақсаты: Ұқыптылыққа, еңбекті сүюге тәрбиелеу.

Жаттығу ойындары: Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.

Мақсаты: Алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.

Тақырыбы:

# «Балаларға экологиялық тәрбие беруде ата-аналармен жұмыс»

«Бөбек» ортаңғы қазақ тобы

Тәрбиеші: Оразалина А.А.

2024-2025ж.

# «Балаларға экологиялық тәрбие беруде ата-аналармен жұмыс»

**МАҚСАТЫ:**

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы ата-аналармен туралы түсініктерін қалыптастыру.

Балаларға экологиялық тәрбие беру, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, әлемнің әдемілігін көре білуге тәрбиелеу, табиғат құбылыстары, заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру;

Табиғатта және тұрмыста өзін — өзі ұстаудың экологиялық сауаттылық дағдыларын меңгерту;

Қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы әрекетін болжай білу.

Балаларды табиғатпен таныстыру негізіндегі адамгершілік

мәдениетін қалыптастыру.

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.

Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты-экологиялық тәрбие бере отырып, табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы,

жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс.

«Құстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б. ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтің ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың экологиялық тәрбие беру арқылы айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер,құстар мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру. Табиғат туралы бүлдіршіндердің ой-өрісін кеңейтіп, осы түйсіктер арқылы бүлдіршіндерге табиғат сырларын ұғындыру жөніндегі экологиялық тәрбиенің ортаңғы тобына арналған жоба-бағдарламасын ұсынып отырмыз:

Бұл топтағы балаларда ортаны танудың физиологиялық механизмдері өзінің жоғары даму деңгейіне жетеді. Іштей ойлау, ой түю пайда болады. Баладағы ой-сана мен жүйкенің қозғалуы мен тежелуі шиырығып, күшейеді, тепе-теңдік сипат алады. Абстракты ойлау біршама дамиды, айналадағы орта туралы талдау, ой түю әжептеуір жетіледі, табиғат туралы кәдімгідей түйсік таным қалыптасады. Ол енді табиғаттың өзіне тән кейбір құбылыстары мен қасиеттері жайында білетін болады. Ойын мен еңбек әрекеті

ұштаса жүреді. Табиғат құбылыстарының кейбір заңдылықтары, бұл құбылыстардың мерзімді қайталануымен таныстырылады, осының негізінде табиғат құбылыстарын реалистік тұрғыда ұғынуы, білуге құлшынысы, байқап-көре білуі, логикалық ойлауы, табиғатқа эстетикалық тұрғыдан қарау сезімі қалыптаса береді.

Өсімдіктер туралы ұғымдары кеңейтіліп, оның ішінде күнбағысқа т.б. өсімдіктерге тоқтала, оның күнге қарап өсуіне байланысты аталатын және дәнінен май сығып алып, күнделікті өмірде пайдаланатындығын айтып әңгімелеу, олардың сондай-ақ өсуі үшін белгілі бір жағдайлар — топырақ, ылғал, күннің нұры, жылуы керек екені түсіндіріледі. Кейбір жануарлардың өсіп дамуы жөнінде балалардың білімі толықтырылады, құстар жұмыртқалайды, балапан басып шығарады, оларды азықтандырып асырайды және түйе ботасын, сиыр бұзауын, ит күшігін, мысық баласын өз сүтімен асырайтындығы түсіндіріледі. Балалардың жабайы хайуандар (қасқыр, аю, түлкі, қоян, кірпі) олардың тіршілігі,

қорек табу әрекеті жөніндегі ұғымдары кеңейтіледі.

